

«Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті» КАЕК  
Директорлар кеңесі шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**  
2026 ж. «03» наурыз №01 хаттама



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ  
ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Түркістан, 2026

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	3
4	Белгілер мен қысқартулар	4
5	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
6	Білім туралы құжаттардың өзіндік үлгісіне қойылатын жалпы талаптар	5
7	Университетте білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беру тәртібі	7
8	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға тапсырыс беру, сақтау, есепке алу және беру рәсімі	7
9	Еуропалық үлгідегі дипломға қосымша (diploma supplement) беру туралы	8
10	Еуропалық үлгідегі дипломға қосымша (diploma supplement) беру тәртібі	9
11	Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
12	Келісу, сақтау және тарату	10
13	Өзгерістерді тіркеу парағы	11
14	Танысу парағы	12
15	Қосымша 1	13
16	Қосымша 2	14
17	Қосымша 3	15
18	Қосымша 4	21
19	Қосымша 5	22

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды толтыру және беру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын растайтын білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беру мақсатында әзірленді.

1.2 Білім алушының қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын меңгергенін растайтын білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың түрлері:

- 1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом-BD;
- 2) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (ғылыми-педагогикалық және бейіндік)-MD;

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы Ережелерде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер келтірілген:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы) (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 №379 бұйрығымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген);
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы);
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын әзірлеу және бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы №47 бұйрығы;
- «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Жарғысы.

## 3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережелерде мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

**Аттестаттау комиссиясы** – білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша құрылатын комиссия;

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау** – Университет дербес айқындайтын бақылаудың (ағымдық, аралық және қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

**Бакалавриат** – кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың

игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

**Жеке оқу жоспары** – типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әр оқу жылы үшін өз бетімен қалыптастыратын оқу жоспары;

**Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA)** – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

**Магистратура** – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

**Магистрлік диссертация** – ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

**Магистрлік жоба** – таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы мәселесін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейінді магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

**Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін білім деңгейін балл түріндегі бағалау жүйесі;

**Транскрипт (Transcript)** – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

**Тіркеу кеңсесі** – білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын олардың меңгерген академиялық кредитін есептей отырып тіркеумен шұғылданатын және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды, оның академиялық рейтингісін есептеуді ұйымдастыратын академиялық қызмет.

#### 4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережелерде келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

ЖОО	–	Жоғары оқу орны
ЖОЖ	–	Жеке оқу жоспары
ОЖЖ	–	Оқу жұмыс жоспары
АК	–	Аттестаттау комиссиясы
БББ	–	Білім беру бағдарламасы
МЖМС	–	Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ҚА	–	Қорытынды аттестаттау
МЕК	–	Мемлекеттік емтихан комиссиясы
Университет	–	«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
ЖЖОКБҰ	–	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

#### 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1. Осы Ережелер Университеттің Ғылыми кеңесімен әзірленіп, Университеттің атқарушы органы келісімі бойынша «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылады.

5.2. Осы Ережеде білім алушылардың қорытынды аттестациядан өткендігін куәландыратын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін растайтын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды толтыру және беру рәсімін сипаттау мақсатында әзірленеді және бекітіледі.

5.3 Осы Ережелердің негізінде білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беру Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен рәсімделеді, ұйымдастыруға Тіркеу кеңсесі жауапты болады.

## **6. БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҮЛГІСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР**

6.1 Бакалавр және магистр дәрежелерін беру туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беру негізі – аттестаттау комиссиясының шешімі болып табылады. Бұл шешімдер білім алушының қорытынды аттестаттаудан өткені мен тиісті білім беру деңгейін толық игергенін растайды.

6.2 Университеттің Ғылыми кеңес шешімімен жоғары білім туралы дипломның өзіндік үлгісі айқындалады және осы Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылады.

6.3 Өзіндік үлгідегі білім туралы құжат қатты мұқабадан, А4 форматтағы 2 беттік диплом бланкісінен және 3 тілде толтырылған қосымшадан тұрады.

6.4 «Жоғары білім туралы диплом» – көк түсте (1-қосымша), «жоғары білім туралы үздік диплом» – қызыл түсте (2-қосымша), «магистр дипломы» – қою қызыл түсте (4-қосымша) беріледі.

6.5 Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттарға арналған қосымша бланкілер келесі тәртіппен толтырылады:

6.5.1 «Ұйымның толық атауы» деген сөздерден кейін атаулар үш тілде көрсетіледі:

- Бірінші А4 форматтағы бланктің жоғарғы бөлігінде: «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

- Екінші А4 форматтағы бланкке орыс тілінде сол жақ жоғарғы бөлігінде: Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»;

- Екінші А4 форматтағы бланкке ағылшын тілінде оң жақ жоғарғы бөлігінде: «Non-profit Joint Stock Company «The International University of Tourism and Hospitality».

6.5.2 «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген сөздерден кейін – күні, жылы және хаттаманың нөмірі (болған жағдайда) жазылады;

6.5.3 «Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жерге – жеке куәлікте көрсетілгендей барыс септігінде толық жазылады. Білім алушының тегі қазақ тілінде құжаттағыдай, өзгертілмей жазылады. Шетел азаматтарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ұлттық төлқұжаттағы деректерге сәйкес жазылады, сонымен қатар шетелдік төлқұжаты негізге алынады. Транскрипция бітіруші түлекпен келісіліп берілуі тиіс.

6.5.4 Келесі жолға – білім беру бағдарламасының коды және атауы жазылады.

6.5.5 «Оқыту нысаны» деген сөздерден кейін (болған жағдайда) – оқу формасы көрсетіледі: күндізгі, сырттай, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы.

6.5.6 АК төрағасы қолынан кейін диплом мен диплом қосымшасына (транскрипт) Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың қолы, одан төмен АК хатшысының қолы қойылады;

6.5.7 Бланктің төменгі бөлігінде – бланкінің сериясы мен нөмірі, берілген күні көрсетіледі: күні (санмен), айы (сөзбен) және жылы (төрт таңбалы санмен), сондай-ақ берілген бланкілерді тіркеу кітабындағы тіркеу нөмірі жазылады.

6.5.8 Бланктің жоғарғы оң жақ бөлігіне түлектің QR-коды, төменгі оң жақ бөлігінде институционалдық аккредиттеу жүргізген аккредиттеу агенттігінің логотипі көрсетіледі.

6.6 Өзіндік үлгідегі дипломға қосымша (транскрипт) мынадай тәртіппен толтырылады:

6.6.1 Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық атау септігінде жазылады.

6.6.2 Туған күні – күні, айы (санмен), жылы (төрт таңбамен) көрсетіледі.

6.6.3 «Білімі туралы алдыңғы құжат» деген сөздерден кейін – осы тұлғаның жоғары оқу орнына қабылдануына негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және берілген күні жазылады. Егер бұрынғы білім туралы құжат шет елде берілген болса –

құжаттың атауы қазақ немесе орыс тіліне аударылып, сондай-ақ құжат берілген елдің атауы көрсетіледі.

6.6.4 «Түсу сынақтары» дегеннен кейін – қабылдау емтихандарынан өткенін растайтын ҰБТ сертификат нөмірі мен берілген күні, ал егер заңнамалық және нормативтік құжаттарға сәйкес емтихан тапсырудан босатылған болса – «қарастырылмаған» деген сөз жазылады.

6.6.5 «Түсті» және «Бітірді» деген сөздерден кейін – оқуға қабылданған және оқуын аяқтаған жыл (төрт таңбалы санмен), сондай-ақ оқуға түскен және бітірген кездегі жоғары оқу орнының толық атауы көрсетіледі.

6.6.6 «Жалпы игерілген академиялық кредиттердің саны – ECTS» деген жерге – оқу барысында игерілген барлық академиялық кредиттердің саны жазылады.

6.6.7 «Оқудың орташа өлшемді бағасы (GPA)» дегеннен кейін – барлық оқу кезеңіндегі жалпы GPA көрсетіледі.

6.6.8 «Кәсіптік практика» сөздерінен кейін практиканың түрі, академиялық кредиттердің саны – ECTS көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалары көрсетіледі, бұл ретте олар қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

6.6.9 «Қорытынды аттестаттау» сөздерінен кейін мемлекеттік емтихандар пәндерінің атауы, академиялық кредиттердің саны – ECTS көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалары көрсетіледі, бұл ретте де олар қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

6.6.10 «Орындау және қорғау» сөздерінен кейін диплом жобасының (жұмыстың) немесе диссертацияның тақырыбы көрсетіледі.

6.6.11 «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» сөздерінен кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17565 тіркелген) сәйкес біліктілік деңгейінің цифрлық мәні көрсетіледі. Бұл жолда цифрлармен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7, докторантура үшін – 8.

6.6.12 «Теориялық оқу» сөздерінен кейін білім алушы меңгерген пәндердің кодтары мен атаулары, академиялық кредиттердің саны, сондай-ақ олардың академиялық ECTS кредиттеріндегі көлемі көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалар көрсетіледі.

6.6.13 «Теориялық оқудың академиялық кредиттерінің саны – ECTS» сөздерінен кейін игерілген академиялық және теориялық оқудың жалпы саны көрсетіледі.

6.6.14 «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» сөздерінен кейін хаттаманың нөмірі мен күні: күні (санмен), айы (сөзбен) және жылы (төрт таңбалы санмен), сондай-ақ дәреже/біліктілігі, мамандығы және (немесе) білім беру бағдарламасы көрсетіледі.

6.6.15 Дипломға қосымшаның (транскрипттің) оң жағында Университеттің логотипі, толық атауы және Университет орналасқан елді мекен көрсетіледі.

6.6.16 Дипломға қосымшаның (транскрипттің) оң жағында дипломның сериясы мен нөмірі, берілу күні: күні, айы (санмен), және жылы (төрт таңбалы санмен), тіркеу нөмірі көрсетіледі.

6.6.17 Дипломға қосымшаның (транскрипттің) оң жағында «Басшы» сөзінен кейін Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың қолы қойылады. Мөр қоюға арналған орында Университеттің мөрі қойылады.

6.6.18 Дипломға қосымшаның (транскрипттің) төменгі оң жақ бөлігінде институционалдық аккредиттеу жүргізген аккредиттеу агенттігінің логотипі көрсетіледі.

6.6.19 Шет ел азаматының (бар болған жағдайда) Т.А.Ә. ұлттық төлқұжаттағы және шетелдік төлқұжаттағы деректерге сәйкес орыс тілінде транслитерацияланып жазылады;

6.6.20 Диплом қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом жарамсыз болып табылады.

## **7. УНИВЕРСИТЕТТЕ БІЛІМ ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

7.1 Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» дәрежесі беріледі және 3-қосымшасына сәйкес қосымшасымен (транскриптпен) және (немесе) Еуропалық қосымша (5-қосымша Diploma Supplement) бірге жоғары білім туралы диплом тегін беріледі.

7.2 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша түлек шығаратын мектеп аттестаттау комиссиясының хаттамасын және білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары көрсетілген тізімін Бітіруші күндізгі бөлім білім алушыларға өзіндік үлгідегі диплом беру туралы бұйрық шығару үшін ұсынады.

7.3 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистранттарға аттестаттау комиссиясының шешімімен «магистр» дәрежесі беріледі және 3-қосымшаға сәйкес қосымшасымен (транскриптпен) бірге жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом тегін беріледі.

7.4 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша түлек шығаратын мектеп магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлектердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары көрсетілген тізімді Бітіруші магистранттарға жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беру туралы бұйрық шығару үшін ұсынады.

7.5 Дипломға қосымшада (транскриптте) барлық оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстары бойынша академиялық кредиттер мен сағаттар көлемі көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

7.6 Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері бойынша А, А – «өте жақсы», В-, В, В+, С+ - «жақсы» деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ қорытынды аттестацияны, Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік емтиханды А, А – «өте жақсы» деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

7.7 Сонымен қатар, барлық оқу кезеңі бойынша аралық аттестаттауды немесе қорытынды аттестаттауды (емтихан) қайта тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

7.8 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын аяқтаған түлектердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламалары және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетілген тізімі Басқарма Төрағасы – Ректордың қолымен расталып, бұйрық шыққан күннен бастап бір ай ішінде Университеттің ресми сайтында жарияланады.

7.9 Университет білім туралы берілген құжаттар бойынша электрондық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және бұрын берілген құжаттарды қоса алғанда, білім туралы құжаттардың электрондық базасын (мұрағатын) қалыптастырады.

7.10 Тіркеу кеңсесі жоспарланған бітірушілер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасына өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілерін сатып алу үшін сұраныс қалыптастырады.

7.11 Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттар мен қосымшаларды бланкіге толтыру және мөр басу процесіне бақылау жасау Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице ректордың құзырында болады.

## **8. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ ҚҰЖАТТАРҒА ТАПСЫРЫС БЕРУ, САҚТАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БЕРУ РӘСІМІ**

8.1 Өзіндік үлгідегі құжат бланкілері арнайы қорғалған материалдарды қолдану арқылы жасалады.



8.2 Университет өзіндік үлгідегі құжат бланкілерін 15 мамырдан кешіктірмей сатып алады.

8.3 Өзіндік үлгідегі құжат бланкілерін қабылдау, сақтау, беру және есептен шығару жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау мақсатында Университетте Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітілетін тұрақты комиссия құрылады.

8.4 Өзіндік үлгідегі берілген құжаттарды тіркеу үшін әрбір құжат түріне жеке журнал жүргізілуі тиіс, онда келесі мәліметтер көрсетіледі:

- құжаттың сериясы мен нөмірі;
- тіркеу реттік нөмірі;
- құжаттың берілген күні;
- бітірушінің толық аты-жөні;
- бітірушінің жеке сәйкестендіру нөмірі;
- білім беру бағдарламасының шифры мен атауы;
- берілген біліктілік;
- МАК хаттамасының нөмірі мен күні;
- құжат берушінің қолы, күні;
- құжат алушының қолы, күні.

8.5 Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттарын жоғалтқан (немесе) тегі, аты, әкесінің атын өзгерткен тұлғалар «Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (egov.kz)» порталы арқылы өтініш пен қосымшаларды тіркей отырып, дубликат алуға өтініш береді.

8.6 Құжаттардың дубликаттары дубликат беру туралы шешім қабылданған кездегі қолданыстағы үлгідегі бланкілерде беріледі.

8.7 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжат бланкілеріне тапсырыс беру, сақтау, есепке алу және беру жұмыстары бойынша жауапкершілік Тіркеу кеңсесінің басшысына жүктеледі.

8.8 Өзіндік үлгідегі құжат бланкілері өртке төзімді сейфтерде, темір шкафтарда немесе арнайы жабдықталған бланкілердің сақталуын қамтамасыз ететін бөлмеде мерзімі шектеусіз сақталады.

8.9 Өзіндік үлгідегі бланкілерге тапсырыс беру және сақтау жұмыстарын бақылау Басқарма Төрағасы – Ректордың жауапкершілігінде.

## **9. ЕУРОПАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМҒА ҚОСЫМША (DIPLOMA SUPPLEMENT) БЕРУ ТУРАЛЫ**

9.1 Университетті аккредиттелген білім беру бағдарламалары бойынша сәтті аяқтаған түлектердің өтініші негізінде еуропалық үлгідегі дипломға қосымша (Diploma Supplement) беріледі.

9.2 Diploma Supplement (DS) – Diploma Supplement (DS) – Еуропалық үлгідегі дипломға қосымша немесе ұлттық дипломға арналған Жалпыеуропалық қосымша. Бұл Еуропалық комиссия, Еуропа кеңесі және ЮНЕСКО өкілдерінен құралған бірлескен жұмыс тобы әзірлеген, білім туралы құжатқа қосымша ретінде берілетін ресми халықаралық құжат.

9.3 Diploma Supplement беру – Болон процесінің негізгі параметрлерінің бірі болып табылады. Болон процесіне қатысушы елдердің көптеген жоғары оқу орындары бұл құжатты түлектеріне шетелде оқуын жалғастыруға немесе жұмысқа орналасуға қажеттілігіне байланысты береді. Бұл құжат Болон процесіне қатысушы барлық елдерде мойындалады.

9.4 Diploma Supplement стандарты білім беру бағдарламасы туралы ақпаратты нақты әрі түсінікті етіп ұсынуға көмектеседі. Ол халықаралық ашықтықты қамтамасыз етуге және әртүрлі елдердің жоғары оқу орындары түлектерінің біліктілігін (дипломдар, дәреже, сертификаттар және т.б.) академиялық және кәсіби тұрғыдан объективті мойындауға арналған.

9.5 Бұл құжат оқу нәтижелерінің сипатын, деңгейін, мәртебесін, мазмұнын және нәтижесін сипаттап, ұлттық жоғары білім беру жүйесі туралы қосымша ақпарат береді. Бұл өз кезегінде берілген біліктіліктің ұлттық жүйедегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

9.6 Оқу жүктемесі ECTS кредиттерімен көрсетіледі, бұл ұлттық білім беру жүйесін еуропалық жүйемен сәйкестендіруге жағдай жасайды.

9.7 Diploma Supplement 8 бөлімнен тұрады, оларды толтыру міндетті: Бұл дипломға қосымша Еуропалық комиссия, Еуропа кеңесі және ЮНЕСКО/СЕРЕС әзірлеген үлгіге сәйкес жасалған. Қосымшада осы құжаттың түпнұсқасында көрсетілген тұлға меңгерген және сәтті аяқтаған білім беру процесінің сипаты, деңгейі және мәртебесі сипатталады. Қосымшада қандай да бір баға беру, баламалылық туралы мәлімдеме жасау немесе мойындауға қатысты ұсыныстар жасауға жол берілмейді. Мәліметтер барлық сегіз бөлім бойынша ұсынылуы тиіс. Егер кейбір деректер жоқ болса, олардың болмау себебі көрсетілуі қажет.

9.7.1 Біліктілік иесін сәйкестендіретін мәліметтер:

- Тегі, аты, туған күні (күн/ай/жыл);
- Идентификациялық нөмірі немесе студент коды (бар болған жағдайда);

9.7.2 Біліктілікті сәйкестендіретін мәліметтер:

- Біліктіліктің атауы және (қажет болса) берілген дәреже (түпнұсқа құжат тілінде);
- Біліктілік алуға бағытталған негізгі оқу саласы (салалары);
- Біліктілік берген оқу орнының атауы мен мәртебесі (түпнұсқа құжат тілінде);
- Оқыту жүргізілген оқу орнының атауы мен мәртебесі (түпнұсқа құжат тілінде);
- Оқыту/емтихан тілі;

9.7.3 Біліктілік деңгейі туралы мәліметтер:

- Деңгейі;
- Бағдарламаны меңгерудің ресми мерзімі;
- Қабылдау талаптары;

9.7.4 Білім мазмұны және жеткен нәтижелер туралы мәліметтер:

- Оқыту нысаны;
- Бағдарлама талаптары;
- Бағдарлама туралы толық мәліметтер (мысалы, оқытылған пәндер немесе модульдер) және жеке оқу нәтижелері: баллдар/бағалар/кредиттік бірліктер (егер бұл ақпарат ресми транскрипт түрінде берілсе, ол көрсетілуі тиіс);

- Бағалау жүйесі және бағалар таралуы бойынша нұсқаулық (бар болса);

- Жалпы қорытынды (түпнұсқа құжат тілінде);

9.7.5 Біліктілік функциялары туралы мәліметтер:

- Одан әрі оқуды жалғастыру мүмкіндігі;
- Кәсіби мәртебесі (бар болса);

9.7.6 Қосымша мәліметтер:

- Қосымша мәліметтер;
- Қосымша ақпарат көздері;

9.7.7 Құжатты растау:

- Күні, қолы, лауазымы;
- Ресми мөр;

9.7.8 Ұлттық жоғары білім беру жүйесі

- Ұлттық жоғары білім беру жүйесі туралы мәліметтер келтіріледі.

## **10. ЕУРОПАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМҒА ҚОСЫМША (DIPLOMA SUPPLEMENT) БЕРУ ТӘРТІБІ**

10.1 «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ дипломына еуропалық үлгідегі қосымша алу үшін түлек келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- Басқарма Төрағасы – Ректордың атына жазылған өтініш;
- Диплом мен оған қосымшаның көшірмесі (түпнұсқаларды көрсету міндетті);
- Жеке куәліктің көшірмесі;

- Шетелдік төлқұжаттағы жеке мәліметтер бетінің көшірмесі (бар болған жағдайда) немесе аты-жөні мен әкесінің атының латын транскрипциясындағы жазылуы;
- Тегі мен аты-жөнін өзгерткен жағдайда растайтын құжат көшірмесі;
- Қосымша мәліметтер (кәсіби тәжірибесі, халықаралық жобалар мен конференцияларға қатысуы, тағылымдамалар және т.б.).

10.2 Diploma Supplement тіркеу кеңсесінде рәсімделеді және беріледі. Қосымша ағылшын тілінде толтырылады, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ логотипі бар белгіленген үлгідегі бланкіге басылып шығарылады, Басқарма Төрағасы – Ректордың, және құжатты толтыруға жауапты тұлғаның (тіркеу кеңсесінің бас маманы) қолдарымен расталып, Университеттің мөрімен бекітіледі.

10.3 Рәсімдеу мерзімі – өтініш берілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн. Егер өтініш дипломды беру күнінен кемінде бір ай бұрын берілсе, қосымша дипломмен бірге берілуі мүмкін.

10.4 Diploma Supplement тек бір рет, тегін негізде беріледі және еуропалық үлгідегі қосымшалар тіркеу журналында тіркеледі.

## **11. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

11.1 Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар Басқарма мүшесі, Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице - ректордың ұсынысы негізінде енгізіледі және «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

11.2 Осы Ережелерге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## **12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

12.1 Осы Ережелер «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

12.2 Осы Ережелердің негізінде Университеттегі білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын растайтын білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды толтыру және беру Университет Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен рәсімделеді, бұйрық түпнұсқасы Тіркеу кеңсесінде сақталады, көшірмесін растап Бухгалтерлік есеп бөліміне, электронды көшірмесі жұмыс үшін басқа бөлімдерге, мектептерге таратылады.

12.3 Осы Ережелердің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Тіркеу кеңсесіне жүктеледі. Осы Ережелердің бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.







## ДИПЛОМ

«Халықаралық туризм және меймаңдстық университеті» КеАҚ

Аттестаттау комиссиясының \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ шешімімен (№ \_\_\_\_\_ хаттама)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(білім беру бағдарламасының нәмі және атауы)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_

**БАКАЛАВРЫ** дәрежесі берілді

Оқыту нысаны \_\_\_\_\_ (түркітігі)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Басқарма төрағасы-Ректор \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ к.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_





## ДИПЛОМ

Решением Аттестационной комиссии

НАО «Международного университета туризма и гостеприимства»

от " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ года (протокол № \_\_\_\_\_)

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присуждена степень

**БАКАЛАВРА**

по образовательной программе \_\_\_\_\_

(код и наименование образовательной программы)

Форма обучения \_\_\_\_\_

(очная)

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ г.



## DIPLOMA

By the Decision Attestation Commission of

NJSC «The International University of Tourism and Hospitality»

\_\_\_\_\_ was

(graduate's full name)

awarded the degree of **BACHELOR**

on the educational program \_\_\_\_\_

(code and name of the educational program)

Form of training \_\_\_\_\_

(full-time)

Date " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_







# ДИПЛОМ

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАК**

Аттестаттау комиссиясының \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ шешімімен (№ \_\_\_\_\_ хаттама)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(білім беру бағдарламасының нөмірі және атауы)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_

**БАКАЛАВРЫ** дәрежесі берілді

Оқыту нысаны \_\_\_\_\_ (сұралған)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Басқарма төрағасы-Ректор \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ к.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_





# ДИПЛОМ

Решением Аттестационной комиссии  
**НАО «Международного университета туризма  
и гостеприимства»**

от " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ года (протокол № \_\_\_\_ )

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присуждена степень  
**БАКАЛАВРА**

по образовательной программе \_\_\_\_\_

(код и наименование образовательной программы)

Форма обучения \_\_\_\_\_

(очная)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ г.



# DIPLOMA

By the Decision Attestation Commission of  
**NJSC «The International University of Tourism and Hospitality»**

\_\_\_\_\_ was

(graduate's full name)

awarded the degree of **BACHELOR**

on the educational program \_\_\_\_\_

(code and name of the educational program)

Form of training \_\_\_\_\_

(full-time)

Date " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_





Ж А Р А М С Ы З  
Д И П Л О М С Ы З  
Ж А Р А М С Ы З

1. Тегі \_\_\_\_\_
2. Аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_
3. Туған күні \_\_\_\_\_
4. Білімі туралы алдыңғы құжат \_\_\_\_\_  
(оқу жаны, түр, деңгейі, бағасы туралы)
5. Түсу сынақтары \_\_\_\_\_  
(оқу жаны, түр, деңгейі, бағасы туралы)
6. Түсті \_\_\_\_\_  
(бағасы туралы)
7. Бітірді \_\_\_\_\_  
(бағасы туралы)
8. Жалпы игерілген академиялық кредиттердің саны - ECTS \_\_\_\_\_
9. Оқудың орташа өлшемді бағасы (GPA) \_\_\_\_\_
10. Кәсіптік практика

Практиканың түрі	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

11. Қорытынды аттестаттау

Мемлекеттік емтихан нәтижелерінің атауы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

12. \_\_\_\_\_ орындау және көргізу

Диплом жобасының (жұмысының) немесе диссертацияның тақырыбы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

13. Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі: \_\_\_\_\_  
Осы диплом Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне сәйкес кәсіби қызмет етуге құқық береді.

\_\_\_\_\_ (жасы) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (оқу) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (орынның атауы) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (бағасы) \_\_\_\_\_

**ДИПЛОМҒА ҚОСЫМША (транскрипт)**

№ \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (берілген күні) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (тіркелу нөмірі) \_\_\_\_\_

Басшы

М.О.

Д И П Л О М С Ы З  
Ж А Р А М С Ы З

## 14. Теориялық оқу:

№	Пән коды	Пән атауы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
				әріптік	балдық	дәстүрлі
1	2	3	4	5	6	7

Ж А Р А М С Ы З

Д И П Л О М С Ы З

Д И П Л О М С Ы З

Ж А Р А М С Ы З

15. Теориялық оқудың академиялық кредиттерінің саны -ECTS \_\_\_\_\_

16. Аттестаттау комиссиясының шешімімен (« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ хаттама)

\_\_\_\_\_ мамандығы және  
(немесе) білім беру бағдарламасы бойынша

(дәрежесі / бапталысы)

\_\_\_\_\_ тағайындалды (берілді)

\* Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үздік қағидаларына сәйкес 2018 жылғы 24 қарашадан бастап әріптік жүйедегі «С+» бағасы дәстүрлі жүйе бойынша «Жақсы» бағасының баламасы болып табылады.

\* Ақпарат 2018



Б Е З Д И П Л О М А Н Е Д Е Й С Т В И Т Е Л Ь Н О

1. Фамилия \_\_\_\_\_
2. Имя, отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_
3. Дата рождения \_\_\_\_\_
4. Предыдущий документ об образовании \_\_\_\_\_  
(тип, уровень, форма, форма выпуска)
5. Вступительные испытания \_\_\_\_\_  
(тип, количество, форма выпуска)
6. Поступил(-а) в \_\_\_\_\_  
(наименование высшего учебного заведения)
7. Завершил (-а) обучение в \_\_\_\_\_  
(наименование высшего учебного заведения)
8. Общее число освоенных академических кредитов - ECTS \_\_\_\_\_
9. Средневзвешенная оценка (GPA) обучения \_\_\_\_\_  
(сред)
10. Профессиональная практика

Вид практики	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

11. Итоговая аттестация

Наименование дисциплин государственных экзаменов	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

12. Выполнение и защита (выполнение проекта, работы или диссертации)

Тема дипломного проекта (работы) или диссертации	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

13. Уровень соответствия Национальной рамки квалификации: \_\_\_\_\_  
 Данный диплом дает право профессиональной деятельности в соответствии с уровнем высшего или послевузовского образования Республики Казахстан.

\_\_\_\_\_ (подпись)  
 \_\_\_\_\_ (место)  
 \_\_\_\_\_ (учебное заведение)  
 \_\_\_\_\_ (город)

**ПРИЛОЖЕНИЕ  
 К ДИПЛОМУ  
 (транскрипт)**

№ \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ (дата выдачи)  
 \_\_\_\_\_ (регистрационный номер)

Руководитель

М.П.

Б Е З Д И П Л О М А Н Е Д Е Й С Т В И Т Е Л Ь Н О



1. Last Name \_\_\_\_\_  
 2. First Name, Patronymic (if any) \_\_\_\_\_  
 3. Date of birth \_\_\_\_\_  
 4. Previous educational background \_\_\_\_\_  
(type, number of documents, date of issue)

5. Entrance Examinations \_\_\_\_\_  
(type, number of documents, date of issue)

6. Enrolled \_\_\_\_\_  
(higher education institution, year of enrollment)

7. Graduated \_\_\_\_\_  
(higher education institution, graduation year)

8. Total number of academic credits earned, ECTS \_\_\_\_\_

9. Grade point average (GPA) \_\_\_\_\_

10. Professional internship

Internship type	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

11. Final attestation

Name of disciplines in state examination	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

12. Writing and defense \_\_\_\_\_  
(of diploma project, thesis or dissertation)

Theme of diploma project (work) or dissertation	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

13. Level of compliance with the National Qualification Framework \_\_\_\_\_  
 This diploma entitles its owner to perform professional activities in accordance with the graduate and post graduate education standards of the Republic of Kazakhstan.

\_\_\_\_\_ (name of)  
 \_\_\_\_\_ higher education  
 \_\_\_\_\_ INSTITUTION  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ (City)

**SUPPLEMENT TO DIPLOMA (Transcript)**

No \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ (date of issue)  
 \_\_\_\_\_ (registration number)

Head

Stamp

DIPLOMA WITHOUT VALIDITY

NOT VALID WITHOUT DIPLOMA





## ДИПЛОМ

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ**

Аттестаттау комиссиясының \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ шешімімен (№ \_\_\_\_\_ хаттама)

(тең, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_ білім беру

**МАГИСТРІ**  
дәрежесі берілді

Бағыты \_\_\_\_\_  
(ғылыми-педагогикалық немесе белгілік)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Басқарма төрағасы-Ректор \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ К.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_





## ДИПЛОМ

Решением Аттестационной комиссии  
**ИАО «Международного университета туризма  
и гостеприимства»**

от " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ года (протокол № \_\_\_\_)

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присуждена степень  
**МАГИСТРА**

по образовательной программе \_\_\_\_\_

(код и наименование образовательной программы)

Направление \_\_\_\_\_  
(научно-педагогическое или профильное)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ г.



## DIPLOMA

By the Decision Attestation Commission of  
**NJSC «The International University of Tourism and Hospitality»**

\_\_\_\_\_ was  
(graduate's full name)

awarded the Master's degree on the educational program \_\_\_\_\_

on the educational program \_\_\_\_\_

(code and name of the educational program)

Education direction \_\_\_\_\_  
(scientific-pedagogical or specialized)

Date " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_







## DIPLOMA SUPPLEMENT

The purpose of the Diploma Supplement is to provide sufficient independent data to improve the international transparency and fair academic and professional recognition of qualifications (diplomas, degrees, certificates etc.) It is designed to provide a description of the nature, level, context, content and status of the studies that were pursued and successfully completed by the individual named on the original qualification to which this supplement is appended. It is free from any value judgements, equivalence statements or suggestions about recognition. This Diploma Supplement model was developed by the European Commission, Council of Europe and UNESCO.

---

IUTA



*Handwritten signature*